<tr><td colspan="5">Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені<br>Таңғы жаттығу кешені № 3 (Затсыз)<br>«Шалқанды тартамыз»<br>Атай шалқан егіпті.<br>Шалқан үлкен болып өсіпті.<br>Б.қ.- аяқ сәл алшақ;<br>1-2- отыру; 3-4- б.қ.<br>Шалқанды әрі тартып, бері тартып<br>Жұла алмадық.<br>Б.қ. – т.с.1-2-қолды екі жаққа созу;<br>3-4- б.қ. келу;<br>Әжеймен немересін көмекке шақырдық.<br>Әрі тартып, бері тартып<br>Шалқанды жұла алмады.<br>Б.қ. – т.с.1-2- алға енкею; 3-4 б.қ. келу;<br>Б.қ. –қол белде, шалқанды айналып, екі аяқпен секіру;</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Таңғы ас</td><td colspan="5">Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</td></tr>
<tr><td>Үстел үстінде дұрыс отыруын қадағалау</td><td>Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке</td><td>Қасықты оң қолмен ұстап, үстел үстінде дұрыс отыруларын</td><td>Тамақты төкпей, шашпай ішуге дағдыландыру.</td><td>Таңғы асты тауысып ішуге дағдыландыру. Ас қайыра білу.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жұмыс жүргізу | қадағалау. | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды,ойын ережелерін келісіп алады.** | | | | |
| | **«Үйшік»**<br>**Мақсаты:** Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызу және өзі құраған құрылысымен ойнауға баулу.<br>**(Шығармашылық дағды) Құрастыру** | **«Қай аспап?»**<br>**Мақсаты:** Балалардың музыкалық аспап сыбызғымен және сыбызғы аспабының дыбысталуымен таныстыру.<br>**(Шығармашылық дағды) Музыка** | **«Боямақтар бояу»**<br>**Мақсаты:** Балаларға әртүрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер) заттарды бейнелеуге, қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрету. Боямақтарды бояу кезінде, әдемі, таза бояйды.<br>**(Шығармашылық дағды) сурет салу** | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>**Мақсаты:** Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу. («Отбасы» «Дастархан жаямыз»)<br>**(Әлеуметтік дағды) Қоршаған ортамен танысу**<br><br>«Балабақшадағы қауіпсіз мінез-құлық ережелері» таныстыру,видеоролик көрсету **қауіпсіздікті** | **«Пішіндер»**<br>**Мақсаты:** Балаларды геометриялық фигуралармен: шаршымен таныстыру., ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**( Танымдық дағды) Математика негіздері** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі** | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет** | **Қазақ тілі «Өзім және отбасым»** Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), көкөніс-жемістердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру, санамақтар жаттауға баулу. ҰІӘ барысы: Шаттық шеңберде бір – біріне жағымды көңіл – күй сыйлау. Сюжетті – рөлді | **Музыка (музыка жетекшісі жоспары бойынша)** | **Дене шынықтыру ( дене шынықтыру нұсқаушысы жоспары бойынша)** | | **Дене шынықтыру т.а ( дене шынықтыру нұсқаушысы жоспары бойынша)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойын: «Отбасы»<br>**Мақсаты:** суреттер бойынша әңгіме жүргізу.<br>Отбасындағы ата мен әже, ата - баба болып келеді, әкең мен шешең, ата - ана. Ал әпке, аға, ата - ана, балалар отбасының мүшелері болады.<br>Еркін ойындар «Кір жаю» әдісі арқылы қортындылау<br><br>**Дене шынықтыру ( дене шынықтыру нұсқаушысы жоспары бойынша)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Ретімен киіну **( ауа-райына байланысты),**дұрыс киіне білулерін бақылау **( сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| | Балаларды реттілікпен | Серуенге қызығушылықты | Серуенге шығамыз деген нұсқаумен | Балаларды реттілікпен киінуге | Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | киінуге дағдыландыру. | арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. | барлық балалар орындарына тұру. Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою. | дағдыландыру. | ұсақ моториканы дамыту тақырыбына жеке әңгімелер өткізу. |
| **Серуен** | **Серуен №1**<br>Бақылау:Жаңбырды бақылау.<br>Мақсаты:Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.Мысалы;Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр.<br>Еңбек:Ағаш түптерін қопсыту.<br>Мақсаты:Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.<br>Жеке жұмыс: Ал | **Серуен №2**<br>Бақылау: Бұлтты бақылау.<br>Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлииарды ажырату.<br>Еңбек Ауладағы гүлдерді суару.<br>Мақсаты: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.<br>Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып<br><br>Жерге қайтар су болып.<br>(Бұлт)<br>Мақсаты: Жұмбақ | **Серуен №3**<br>Бақылау: Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау.<br>Мақсаты: Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру.<br>Еңбек: Құстарға жем сауыт жасау.<br>Мақсаты: Құстарға қамқорлық қарауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу.<br>Жеке жұмыс: Сап-сары боп келе жатқан ,<br>Сезді мекен күзді олар .<br>Қарлығаштар ұшып кетті, | **Серуен №4**<br>Бақылау: Желді бақылау.<br>Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру.<br>Еңбек: «Әдемі гүлдер»<br>Мақсаты: Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту.<br>Жеке жұмыс: Тақпақ. «Жел»<br>Мақсаты: Балаларға жел туралы өлең | **Серуен №5**<br>Бақылау: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.<br>Мақсаты: Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету.<br>Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту, су құю.<br>Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету.<br>Жеке жұмыс:«Алтын күз» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу<br>Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | керемет бұл қандай?<br>Көк теңізден құйғандай<br>Төгіледі төбеден.<br>Көл-көсір су не деген?<br>(Жаңбыр)<br>Мақсаты:Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арртыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.<br>Ойын: «Айгөлек-ау айгөлек».<br>Мақсаты:Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Қимылдық ойын: «Сұр қоян».<br>Ойын барысы: Ойыншылардың біреуі қоян болады.Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады.Қоян | жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру.<br>Ойын: «Кімге қандай құрал керек?»<br>Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.<br>Қимылдық ойын: «Соқыр теке».<br>Ойын барысы: Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған «соқыртеке» жіберіледі.Қалғандары оны «соқыртеке бақ-бақ»,- деп | Ұшып кетті тырналар.<br>Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын молайтып , тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру.<br>Дидактикалық ойын: «Күзде не киеміз?»<br>Мақсаты: Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімкию үлгісін көрсете түсіндіру.<br>Қимылдық ойын: «Аттамақ».<br>Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу.<br>Ойын барысы: Бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады.Бріншісі-төмен ,оны аттап өту керек, екінші-биік, оны еңкейіп, үшіншісіінен тағы да аттап өту керек.Әуелі ойыншыны алып | жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу.<br>Жел улейді у-у-у.<br>Құйын келіп билейді зу-зу-зу<br>Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу,<br>Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.<br>Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек».<br>Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.<br>Қимылдық ойын: «Орамал тастау».<br>Ойын барысы: Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын бастаушының | грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қоыр молайту.<br>Қимылдық ойын: « Ақ қояным»<br>Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру.<br>Қимылдық ойын: «Ұшты-ұшты»<br>Ойын барысы: « Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты»,- дейді. Осы кезде ұшпайтын нәресеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі.Үшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба-қарға,үйрек-бүйрек, кептер- кепсер, көже-шөже, іркіт- бүркіт болып айтылады.Есек ұшты, есік үшты, етік үшты, бесік ұшты деп ұзақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дөңгелектің ортасынан орын алады.Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады:<br> Бармақ болып тоғайға сұр көжек,<br>Құйрығын жуды,<br>Жуынып жатыр бүгжеңдеп:<br>Құлағына жуды-түртінді,<br>Тұмсығын жуды,<br>Құп-құрғақ боп сүртінді.<br>Қоян өзіне байланысты қимылдардың бәрін жасайды:тұмсығын, құйрығын , құлағын жуады, бәрін сүртеді.Қос аяқтап кіріп, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді(қонаққа келе жатыр). Ол бала қоянмен | мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады.Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып «соқыртек» болады.Ойынщылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттайды.Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді.<br>Дербес ойындар:<br>1.Әткіншектебу.<br>2. Тартылғышқа тартылу.<br>Тренинг: «Біз тату баламыз». | келіп, осы жіптерден өткізіп , содан соң көзін байлап, бір айналдырып қояберу керек.Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп  ұстап тұрған адамдар жіпті жинап , алады, ал ойыншы өзінше әрекеттеніп аттап жүреді.<br>1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық.<br>2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік.<br>Тренинг: «Тырналар болып ұшайық». | қолындағы орамал шиыршықталған,ұруға ыңғайлы болады.Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді.Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқаоушы оны орамалмен ұрғылайды.Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса , бастаушыны қууға тиіс.Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалғанорынңа келіп отырады.<br>Дербес ойындар: | айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады.<br>Дербес ойындар: «Тәтті тоқаштар» пісірейік<br> «Мені қуып жет».<br>Тренинг:  «Шаңырақ» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ауысқандаойын аяқталады.<br>Балалардың өз бетімен ойнауы:<br>1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық.<br>2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік.<br>Тренинг: «Қолшатыр». | | | 1. «Желмен жарысайық»<br>2. «Менің әдемі үйім»(құрастыру)<br>Тренинг: «Қолшатыр астында». | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б**. ( көркем әдебиет , ойын әрекеті,еңбек қызметі)** | | | | |
| | **Тазалық туралы тақпақ**<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз. | **Артикуляциялық жаттығу**<br>Жаттамақтар:<br>Мынау менің атам,<br>Мынау менің әжем,<br>Мынау менің әкем,<br>Мынау менің анам,<br>Мынау мен өзім! | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. Қолдарын жууға үйрету. | «Қауіпсіздік» ойыны<br>Міндеті:серуеннен оралғанда баспалдаққа көтерілгенде таяныштан ұстау сынды қарапайым ережелерді атап, салдарын анықтайды | Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту тақырыбына жеке әңгімелер өткізу. |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау **( мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсеу,еңбек қызметі) Кезекшілердің жұмысы** (қажетті ыстарды –аяқтарды қою, салфеткаларды салу)<br>**Гигиеналық процедулар** ( қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану.<br>**Тамақтану** (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамаө ішкенде сөйлемеу, алғыс айту) | | | | |

<table>
<tr><td></td><td>Нан қиқымын<br>шашпаңдар,<br>Жерде жатса<br>баспаңдар<br>Теріп алып<br>қастерлеп<br>Торғайларға<br>тастаңдар.</td><td>«Ас-атасы -нан»<br>(шағын әңгіме)</td><td>«Асқа адал бол» (ас<br>ішуге дайындық)</td><td>«Астан да,<br>адамнан да аттап<br>өтпе» (нақыл<br>сөздер)</td><td>«Ас адамның<br>арқауы»,<br>т.б мақалдар жаттау</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Күндізгі ұйқы</td><td colspan="5">Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау ( тыныш музыка тыңдау). Ертегі айту,кітіп оқу ( көркемдік қызмет)</td></tr>
<tr><td>Тыныш күйге<br>енеді,<br>Мойындарымыз<br>да жайымен.<br>Еркіндеріміз сәл<br>ашылып<br>Дем аламыз<br>жайымен.<br>(әуенмен)</td><td>Қолдарымыз да<br>дем алды,<br>Аяқтарымыз да<br>дем алды.<br>Дем алады<br>барлығы<br>Дем алады<br>барлығы.<br>(әуенмен)</td><td>Кірпіктеріміз<br>айқасты,<br>Көздеріміз жұмылды.<br>Дем аламыз жай ғана,<br>Ұйқыға біз кірістік.<br>(әуенмен)</td><td>Мойын, бас, қол,<br>аяқтар,<br>Ғажайып бір күйге<br>енді.<br>Дем алады<br>барлығы,<br>Тыныш бір күй<br>кешеді.<br>(әуенмен)</td><td>Қолдарымыз да дем<br>алды,<br>Аяқтарымыз да дем<br>алды.<br>Дем алады барлығы,<br>Дем алады барлығы.<br>(әуенмен)</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары</td><td colspan="5">Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары ( дене жаттығулары, жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жолдармен жүру) ( дене белсенділігі)</td></tr>
<tr><td colspan="5">4. Жуыну жолдары<br>Сылдырлайды мөлдір су<br>Мөлдір суға қолың жу<br>Жуынсаң сен әрдайым<br>Аппақ бетің маңдайың</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Бесін ас</td><td colspan="5">Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау ( мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру ( сөйлеуді дамыту)</td></tr>
<tr><td>Бір- біріне<br>кедергі жасамай<br>мәдениетті<br>отыруға баулу.</td><td>Балалардың<br>назарын тағамға<br>аудару.</td><td>Тамақтарын<br>тауысып ішуге<br>қалыптастыру.</td><td>«Бата айтып», «Ас<br>қайтаруды» үйрету.</td><td>Ас мәзірімен<br>таныстыру,<br>балалардың назарын<br>тағамға аудару.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар ,үстел-үсті ойындары,бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.)** | Асық ойындары«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Бестемше: «Даробоз» (тәрбиеленушілердің арасында) **Ұлттық құндылық Біртұтас тәрбие жоспарынан** | **Вариативтік компонент «Өнерлі екен он саусақ» «Балық» Мақсаты:** Балаларға түрлі - түсті қағаздарды таныстыра отырып, үлгілерін бастырып қию. Қағазбен жұмыс жасау іскерлік дағдыларын қалыптастыру. **(Шығармашылық дағды) Жапсыру** | **«Көкөністер мен жемістер» Мақсаты:** Әртүрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер) заттарды бейнелеуге, қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрету. **(Шығармашылық дағды) Сурет салу** | **«Қуыршақты киіндір» Мақсаты:** қазақ халқының ұлттық киімдерін тануға үйрету. **Ұлттық құндылық Бір тұтас тәрбие жоспарынан** | **«Көкөністер» Мақсаты:** Балаларға көкөніс туралы, туралы түсінік беру. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (көкөніс пен жемістер). **(Шығармашылық дағды) Мүсіндеу** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Бірге жаттайық»** Дыбыстарды анық айтуға үйрету. (Айша, Бекжан) | **Шеңбер бойымен жүру.** Саптізбекке бір-бірден сапқа тұру. (Асылхан, Мадияр) | **«Қандай көлік?»** Көліктерді ажыратуға дағдыландыру. (Айнар, Бернар) | **«Қызыл алма»** Қысқа өлеңдерді тыңдай отырып, сұрақтарға жауап беру.(Алия, Әмірхан) | **«Күзгі ағаштар»** сурет бойынша әңгіме. (Адия, Алихан) |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну **( ауа-райына байланысты),**дұрыс киіне білулерін бақылау **( сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| | Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. | «Тату болып ойнаңдар» (балаларды достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу) | Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау. | Өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға баулу |

| Серуен | Ойын алаңдарын тазлау ( еңбек қызметі). Еркін ойындар ойнату | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Серуен №1** | **Серуен №2** | **Серуен №3** | **Серуен №4** | **Серуен №5** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, жинастыруыға үйрету | Шкафтарын тауып көрсетуге баулу | Киімдерін ретімен шеше білуге үйрету | Шкафқа киімдерін салуға үйрету | Қолдарын жуу, тазалыққа баулу. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы айту | Ата – аналармен балаларды жыл мезіліне сай киіндіру керектігін айтып әңгімелесу. | Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту | Ата – аналарға балалардың тазалығы,киімі, төлем ақылары жөнінде айту | Бала үнін ескеру (қызығушылығы мен қажеттілігіне тапсырма) |

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: №4 «Балбөбек бөбекжай балабақшасы»
Топ: «Еркетай» ортаңғы тобы
Балалардың жасы : 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі : 07-11 қазан 2024 ж.
**Топ тәрбиешілері:** Дерпанова Б.Н , Бесайдарова Г.Б

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 07.10** | **Сейсенбі 08.10** | **Сәрсенбі 09.10** | **Бейсенбі 10.10** | **Жұма 11.10** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулу. Ойын орталықтарындағы балалардың тәуелсіз ойындары | | | | |
| | **Қазан «Тәуелсіздік және отаншылдық айы»**<br>**АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!»** | | | | |
| | Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу | Үш түрлі смайликпен қарсы алу | Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу | Балалық шақ әнімен қарсы алу<br>**Күй күмбірі**<br>**Бір тұтас тәрбие** |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес,әңгімелесу** | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер | | | | |
| | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес әрекеті** (аз қимылды, үстел үсті ойындары, | Ойын бұрышындағы ойындар, сурет салу, бояу кітаптары, үстел ойындары ( жұмбақтар, домино), дизайн, кітаптарды қарау, табиғат бұрышындағы жұмыс (бөлме өсімдіктерге күтім жасау) Балалармен жеке жұмыс | | | | |
| | **Үстел үсті ойыны. "Суретті құрастыр".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік | **«Балабақша»**<br>**<u>Мақсаты:</u>**<br>Тәрбиеші балаларды қабыл | **«Ненің баласы?»**<br>**<u>Мақсаты:</u>**<br>Суреттерді, заттарды | **«Отбасы»**<br>**<u>Мақсаты:</u>** Сөздерді, зат есімдерді үстінде, астында, | **«Зат неге ұқсайды?»**<br>**<u>Мақсаты</u>:**<br>Балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| бейнелеу іс-әрекеті,кітаптард ы<br>қарау және басқалар) | қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту Жануарлардың бөлшектенген суреттерінен тұтас бір бөлікті құрастыруды үйрету, балалардың қабылдауын және байқағыштығын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, құрастыру,)**<br><br>"**Суретті тап" ойыны.**<br>**«Күзді бейнелеу» (топпен жұмыс)**<br>Мақсат-міндеттері. Суреттерді, заттарды қарастыруда өз ойын айтуға үйрету. Балаларға суретті белгілі уақыт көлемінде көрсету. Одан кейін балалардың көздерін жұмып, көптеген суреттердің ішінен күз мезгіліне байланысты суретін тауып алып әңгімелеп, мүсіндеп | дап, балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуңа,қошта су ға,көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету)<br>**Қоршаған ортамен танысу** | қарастыруда өз ойын айтуға үйрету. Әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету.Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту.<br>**Сөйлеуді дамыту, Қоршаған ортамен танысу** | артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануға үйрету.<br>Отбасы мүшелерін білу, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету.<br>**Сөйлеуді дамыту, Қоршаған ортамен** | геометриялық фигуралармен: дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Геометриялық денелер мен фигуралар Геометриялық пішіндерді тану және атау, пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту.<br>Ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату тәсілдерін пайдалана отырып, кейбір заттарды мүсіндеуге үйрету.(ойыншы қтар). сурет салу кезінде қарындашты, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | суреттеп беру. сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, мүсіндеу, сурет салу)**<br><br>"Кірпіжан" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды диалогқа белсенді қатысып, көркем сөз айтуға бейімдеу; сөйлеу қабілеттірен дамыту. Кірпіжан, кірпіжан, Қайда жортып барасың? Орманнан, орманнан Нені іздеп аларсың? Жолым көп, жолым көп, Қоректерді іздеймін. Кездейсоқ, кездейсоқ Иіскеп жүріп, табамын. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | | | | қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. **Математика негіздері Сурет салу, мүсіндеу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ертеңгілік жаттығу** | Таңертеңгілік жаттығулар **(қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті,физикалық дағдыларын дамыту)**<br>Тұру,жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары.<br>**Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені**<br>**Таңғы жаттығу кешені № 3 (Затсыз)**<br>**«Шалқанды тартамыз»**<br>Атай шалқан егіпті.<br>Шалқан үлкен болып өсіпті.<br>Б.қ.- аяқ сәл алшақ;<br>1-2- отыру; 3-4- б.қ.<br>Шалқанды әрі тартып, бері тартып<br>Жұла алмадық.<br>Б.қ. – т.с.1-2-қолды екі жаққа созу;<br>3-4- б.қ. келу;<br>Әжеймен немересін көмекке шақырдық.<br>Әрі тартып, бері тартып<br>Шалқанды жұла алмады.<br>Б.қ. – т.с.1-2- алға енкею; 3-4 б.қ. келу;<br>Б.қ. –қол белде, шалқанды айналып, екі аяқпен секіру; | | | | |
| **Таңғы ас** | **Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау** ( мәдени –гигиеналық дағдылар өзіне-өзі қызмет көрсету;<br>**Еңбек дағдылары** :қажетті ыдыстарды қою, салфеткаларды салу)<br>**Гигиеналық процедулар** ( қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану<br>**Тамақтану** (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың өз әсерлерімен бөлісуі, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылауы, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауы, ережелер туралы келісу және т. б. Ұйымдастырылған іс әрекетке заттарды дайындауға көмектесу (бірлескен әрекет, кезекшілік) | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдас-** | **Қазақ тілі.**<br>**Міндеті:**Балалар-дың сөйлеу тілін заттардың қасиеті | **Музыка**<br>Ән жетекшісінің жоспары бойынша. | **Дене шынықтыру**<br>Педагог жоспары бойынша. | | **Дене шынықтыру (таза ауада)**<br>Педагог |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **тырылған іс-әрекет** | мен сапасын білдіретін сөздермен байыту<br>**ҰІӘ барысы**:Шаттық шеңберінде бір-біріне жағымды көңіл-күй сыйлау.<br>-Армысың –Ару аспан -<br>Армысың –Жер Ана<br>Амансыңдар ма, достарым,<br>Сендерді көрсем қуанам!<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>Ананың сүті-бал,баланың тілі-бал.<br>Ананың көңілі балада,<br>Баланың көңілі далада.<br>**Д/О:** «Анама көмек»<br>Мақсаты: Балалардың білім деңгейін, ойындарды ойната отырып, әрі қарай жан - жақты дамыту, тіл | | | | жоспары бойынша. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байлығын жетілдіру, сөздік қорын молайту. Үлкендер еңбегін құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбие леу. Балаларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, адалдыққа, кішіпейіл ділікке тәрбиелеу. Бала ларды төрт топқа бөліп отырғызып ,әр үстелге сурет қойылады сол сурет бойынша тапсыр маларды орындайды. Балалар біз үлкен болғанда анамызға қымбат сыйлық жасап қуантамыз ал қазір анамызға үй шаруасын жасап қуанта аламыз.Еркін ойындар.<br>**Дене шынықтыру**<br>Педагог жоспары бойынша. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Ретімен киіну **( ауа-райына байланысты),**дұрыс киіне білулерін бақылау **( сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен**<br>-бақылау, зерттеу әрекеті;<br>еңбекке баулу<br>-қимылды ойындар, ұлттық ойындар, спорттық ойындар мен жаттығулар;<br>-балалардың дербес әрекеті; | **Серуен №6**<br>**Бақылау:** Құстардың қысқы тіршілігін бақылау.<br>**Мақсаты:** Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру**.**<br>**Еңбек**: «Біздің ойыншықтар».<br>**Мақсаты:** Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету.<br>***Жеке жұмыс:*** Тақпақ: «Құстар қайтып барады».<br>**Мақсаты:** Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету. | **Серуен №7**<br>**Бақылау:** Ауа-райын бақылау.<br>**Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.<br>**Еңбек: «**Таза алаң».<br>**Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.<br>***Жеке жұмыс:*** Е.Өтетілеуов «Күшік**».**<br>**Мақсаты:** Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп | **Серуен №8**<br>**Бақылау:** Күзгі жапырақтарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.<br>**Еңбек**: Жапырақтардан гүл шоғын жасау<br>**Мақсаты:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру.<br>***Жеке жұмыс:*** «Күзгі жапырақ» тақпақ<br>Қыстың жақын қалғанын,<br>Желмен ұшып барады,<br>Жапырақтар | **Серуен №9**<br>**Бақылау:** Алтын күзді бақылау.<br>**Мақсаты:** Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау.Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату.<br>Қуандырып біздерді,<br>Кел жемісті алтын күз<br>Мерекелі күз келді<br>Кемелденсін халқымыз.<br>**Қимылдық ойын:** «Жылғадан қарғып өтеміз», «Қоян мен қасқыр».<br>**Мақсаты** :Ептілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету.<br>**Еңбек**: «Таза алаң»<br>**Мақсаты:** Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбек | **Серуен №10**<br>**Бақылау:** Жәндіктерді бақылау.<br>**Мақсаты:** Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.<br>«Қыстың қамын жаз ойла».<br>**Еңбек**: Біздің алаң.<br>**Мақсаты:** Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қазан толы<br>Дәулет қорын<br>қалады.<br>Заңғар көкке жол<br>сызып,<br>Құстар қайтып<br>барады.<br>**Қимылдық ойын:**<br>**«Жүзік салу»**<br>**Мақсаты:** Зейін<br>қойып тыңдауға<br>үйрету.<br>**Қимылдық ойын:**<br>«Сымсыз телефон».<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар сап түзеп<br>тұрады.Ойын<br>басқарушы бірінші<br>тұрған адамға<br>құлағына сыбырлап,<br>сөз немесе сөйлем<br>айтады, ол келесі<br>көршісіне сыбырлап<br>естіген сөзін<br>жеткізеді, солай<br>соңғы адамға дейін<br>жалғасады.Ал енді<br>ойын басқарушы<br>соңғы адамнан бастап<br>әлгі айтылған сөзді<br>сұрайды.Бастапқы<br>айтқан сөзі кейде<br>өзгеріп кетуі мүмкін, | айтуға үйрету.<br><br>Е.Өтетілеуо<br>в. «Күшік».<br>Үреді үйшікте<br>Біреуі<br>қардай ақ,<br>Аулада күшіктер<br>Біреуі сұр<br>жолақ<br>Біреуі оның қап-<br>қара, Бәрібір,<br>бәрінің жұмысы<br>біреу-ақ:<br>Біреуі сары ала<br>Үреді<br>абалап<br>**Ойын:** «Қасқыр<br>мен қаздар».<br>**Мақсаты:** Топ<br>болып ойнауға,<br>рөлдерді бөліп<br>ойнауға<br>қалыптастыру.<br>**Қимылдық<br>ойын:** «Тымпи-<br>тымпи».<br>**Мақсаты:** Топ<br>болып ойнауға,<br>рөлдерді бөліп<br>ойнауға<br>қалыптастыру.<br>Ойын | сезгендей.<br>Жерге<br>қонып үлгермей<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың<br>тілдерін дамыту<br>арқылы, сөздік<br>қорын дамыту.<br>**Ойын:** «Аю<br>жүрген орманда».<br>**Мақсаты:** Қимыл<br>қозғалысын<br>дамыту<br>**Қимылдық<br>ойын:**<br>«Монданақ».<br>**Ойын барысы:**<br>Монданақ ойыны<br>бойынша белдік-<br>белбеу әйтпесе<br>орамалды<br>шиыршықтап<br>алып дөңгелене<br>отырады.Ортаға<br>біреу<br>шығады.Отырған<br>дар тізерлеп:<br>«Әне кетті<br>монданақ,міне<br>кетті монданақ»,-<br>деп әндетіп,<br>ортадағы бала<br>сырт айнала | сүйгіштікке<br>тәрбиелеу.Бастаған<br>ісін аяғына дейін<br>тиянақты орындауға<br>үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** «Отбасы<br>мүшелері»<br>**Мақсаты:** Отбасы<br>мүшелерін дұрыс атай<br>білуге үйрету.<br>**Қимылдық ойын:**<br>«Көрші».<br>**Мақсаты:** Балалардың<br>ептілікке ,<br>сезімталдық,кеңістікті<br>бағдарлай білуге<br>үйрете отырып,<br>батылдық сияқты<br>қабілеттерін одан әрі<br>дамыту.Шапшаң<br>қимылдап, жылдам<br>жүгіруге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар екі-екіден қол<br>ұстасып , бірінің<br>артына бірі<br>тұрады.Олардың<br>алдынан 3- 8 метр<br>жерден сызық<br>жүргізіледі.Ол<br>сызықтың бойында<br>торуылшы бір бала<br>тұрады.Тәрбиешінің | **Жеке жұмыс**:<br>Тыйым сөздерді<br>жаттату.<br>**Мақсаты:**<br>«Суға түкірме «,<br>«Нанды баспа»,<br>«Дастархан<br>басында<br>кекірме» т.б<br>сөздердің<br>мағынасын<br>айтып түсіндіру.<br>**Қимылдық<br>ойын:**<br>«Итеріспек»<br>**Ойын барысы:**<br>Ойын көгалда<br>өткізіледі, үлкен<br>шеңбер<br>сызылады,<br>ортаға екі<br>ойыншы<br>шығады.Егер бір<br>аяқпен секіріп<br>жүріп , екі<br>баланың біреуі<br>екінші аяғын<br>жерге<br>тигізбестен<br>қарсыласын<br>шеңберден<br>итеріп шығарса<br>жеңгені. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | соны қате естіп өзгерткен адам айып өтейді.Айып түрлері: Ән салу, би билеу т.б<br>**Дербес ойындар:**<br>1.Тығылыспақ<br>2. Әткеншек тебу.<br>**Тренинг:** «Құс болып ұшайық». | барысы:Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: «Тым-тырыс, тымпи-тымпи»,-дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады.Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай «өнерімен» ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіртуге күш салады.Әзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз | бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра аллмаған ойыншы ортаға шығады.<br>**Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>1.Орта доп<br>2.Әткеншек тебу<br>3.Қуаласпақ<br>**Тренинг:** «Бір шаңырақ астында». | белгісімен ең артында тұрған бала, балалар тобының екі жағымен жүгірген бойы сызықтан өтіп қайтадан қол ұстасуы керек. Егер ұстап алса , қолынан жетектеп әкеліп , топтың алдына келіп тұрады.Ал қалған біреуі торуылшы болып, сызықтың үстінде қалады.<br>Балалар жүгіріп келе жатқанда торуылшы оларға арқасын беріп , теріс қарап тұрады.Ортасында тұрған қасқыр қуып береді.Қолға түскен балалар ойыннан шығып қалып, келесі ойынға кіреді.Қасқырларды ұсталып қалған балалардың арасынан сайлайды.<br>**Дербес ойындар.**<br>**Тренинг:**«Біз татумыз». | Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді.<br>**Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>1. Тығылыспақ.<br>2. Тартқышқа тартылу.<br>3.Допты қуалау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады.Ал, сөйлеп , күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді.Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып кетеді. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** 1. Әткеншек тебу. 2. Допты қуалау**.** **Тренинг:** «Біз біргеміз». | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б**. ( көркем әдебиет , ойын әрекеті,еңбек қызметі)** | | | | |
| | Қазір жылдың қай мезгілі? | «Тату болып ойнаңдар» (балаларды достық қарым-қатынасқа | «Серуен кезінде» (тазалық туралы әңгіме) | «Сондай бала болама?» (өлең оқып беру) | «Киімдерін ұқыпты жинау» (серуенге шығар кезінде шағын әңгіме) |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тәрбиелеу) | | | | |
| **Түскі ас** | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, мәдени-гигиеналық дағдылар)**<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа<br>Тауысып іш, қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. | | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау **( тыныш музыка тыңдау).** Ертегі айту, кітіп оқу **( көркемдік қызмет)** | | | | | |
| | Релаксация «Біздің аяқтарымыз демалады» | | Релаксация «Біздің көзіміз демалады» | Релаксация «Біздің денеміз демалады» | Релаксация «Біздің басымыз демалады» | Релаксация «Біздің құлағымыз тыңышталады |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жуыну жолдары<br>Сылдырлайды мөлдір су<br>Мөлдір суға қолың жу<br>Жуынсаң сен әрдайым<br>Аппақ бетің маңдайың | | Жуыну жолдары<br>Сылдырлайды мөлдір су<br>Мөлдір суға қолың жу<br>Жуынсаң сен әрдайым<br>Аппақ бетің маңдайың | Жуыну жолдары<br>Сылдырлайды мөлдір су<br>Мөлдір суға қолың жу<br>Жуынсаң сен әрдайым<br>Аппақ бетің маңдайың | Жуыну жолдары<br>Сылдырлайды мөлдір су<br>Мөлдір суға қолың жу<br>Жуынсаң сен әрдайым<br>Аппақ бетің маңдайың | Жуыну жолдары<br>Сылдырлайды мөлдір су<br>Мөлдір суға қолың жу<br>Жуынсаң сен әрдайым<br>Аппақ бетің маңдайың |
| **Бесін ас** | Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау **( мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)** балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру.<br>Тамақтану мәдениетіне тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | **Қазақстан туралы әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттері. Дауысты (а, ә) және кейбір дауыссыз (п-б) | | **"Жалауша".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардықарын даш пен | **"Ақ көгершін"**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ақ көгершіннің сыртқы келбетімен | **"Жасасын Қазақстан!"**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың "көп", "біреу", "бір-бірден", | **"Наубайхана" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыстарды анық айтуға үйрету. Балаларға Қазақстан Республикасы ның Әнұраны, Елтаңбасы және Туы және Қазақстан туралы негізгі ұғымдар беру; Қазақстан туралы қарапайым тақпақты жаттатып үйрету.<br><br>**"Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту.<br>**(математикалық негіздері, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Менің туыстарым.**<br>**Мақсат-міндеттері**<br>«Өзара сыйластық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру. Туыс, туысқан ұғымы жайлы түсінік беру. | сорғышты қолданып, көгілдір түсті жалаушаны салуды үйрету; жалаудың мейрамдарда кеңінен қолданылатыны жайында баяндау, Қазақстан Республикасыны ң Мемлекеттік Туы туралы түсініктерін бекіту.<br>**Ойын рефлексиясы. "Жалаушаларм ен ойнайық".**<br>Мақсат-міндеттері. Түстерді ажыратуды үйрету.<br>**"Шамдар" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Қасиеттері | таныстыру; ақ көгершінді тануға, білуге деген құштарлығын қалыптастыру; ақ көгершін жайлы білімдерін кеңейту; Қазақстанның Ата заңы туралы түсінік беру. Балаларды ақ көгершінмен таныстыруда көркем сөздер арқылы ойлау қабілеті мен тілін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және құштарлығын дамыту<br>**"Сиқырлы қалта" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды қолмен ұстап санауды үйрету. 1-нұсқа. Затты қолмен ұстап санау. 2- | "сол қол", "оң қол" ұғымдарын ажырату дағдыларын жетілдіру; бір қасиетті негізге ала отырып, қасиеттері бөлек заттарды екі қолға бөліп ұстау арқылы оң және сол жақты ажыратуды үйрету; зейінді, ақыл-ойды, өзінөзі бағдарлау, есте сақтау, қабылдау қабілеттерін дамыту.<br><br>«Жаңылтпаш жаттау»<br>**Мақсат-міндеттері:** Балаларға жаңылтпаш жаттату, тіл байлығын, ой -өрісін дамыту, қазақы салт – дәстүрлерді сақтап, халық ауыз әдебиетін үнемі дәріптей білуге тәрбиелеу.<br>**Бір тұтас тәрбие**<br><br>Батады,батпайды»<br>Балалар доп суға неге батпады?<br>Балалар: өйткені доп жеңіл.<br>Тәрбиеші: кәне допты | наубайхана жөнінде білімдерін кеңейту; наубайханашы мамандығының ерекшеліктеріме н таныстыру; нан өнімдері туралы ұғымдарын жетілдіру; ойын ережелерін түсіндіру; Қазақстандағы нан өнімдерінің жетістіктері туралы түсінік беру.<br>**"Наубайшы қамырдан не жасайды?" тәжірибе жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Тұздалған қамыр кесектерінен тоқашты илеу.<br>**(мүсіндеу)**<br>**"Қуыршақ қонаққа барады" дидактикалық** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Туыстарға деген сыйластық қарым-қатынасын дамыту. Өзара сыйластыққа тәрбиелеу. **Бір тұтас тәрбие** | бойынша заттарды топтастыруға, түстерді, өлшемдерді ажыратуға жаттықтыру; зейіндерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Вариативтік компонент «Өнерлі екен он саусақ» «Балық» Мақсаты:** Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, дайын болған жұмыстарын әшекейлеуге үйрету. **(Шығармашылық дағды) Жапсыру** | нұсқа - қандай зат екенін қолға ұстап анықтау. **(сөйлеуді дамыту) "Қайсы қайда барады?" сұрамақ.** Қасқыр, қайда барасың? Қой қыркуға барамын. Қарсақ, қайда барасың? Қаңғыруға барамын. Түлкі, қайда барасың? Тауық іздеп барамын. Маймыл, қайда барасың? Сауық іздеп барамын. Аю, қайда барасың? Бал тапқалы барамын. Майдан, қайда барасың? Мал баққалы барамын. **(сөйлеуді дамыту)** | алып барлығымыз суға салып көрейік. Ал балалар мынау не? Тас, тас қандай? Қатты, ауыр. Тасты суға салайық. Тас не істеді суға батып кетті, өйткені тас ауыр. **Экологиялық тәрбие** | **ойыны.** Мақсат-міндеттері. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруды жаттықтыру. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балалармен жеке жұмыс, жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту және т. б. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) | | | | |
| | **Артикуляциялық жаттығулар. Мақсат-міндеттері**. Дауысты (а, ә) және кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айтуға үйрету Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** Асылхан мен Ясмина | **"Туған елдің ұлымын" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері**. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлеңдер мен тақпақтарды айтқызу. Асқаржан Сәрсеков "Туған елдің ұлымын". Аспанымдай мөлдірмін, Жайлауымдай жазықпын, Өзенімдей өршілмін, Гүлдерімдей нәзікпін. Қуат алған өзінен, Туған елдің ұлымын. Бақытты етіп өсірген Отанымның гүлімін. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** Мадияр мен Аянат | **"Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері.** Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік аласа) салыстыруды үйрету. Заттарды өлшемі бойынша салыстыру ды, жуан және жіңішке заттарды ажыратуды жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту**) Айша мен Бекасыл | "**Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері.** Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту.Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде толық сөйлемдермен сөйлеуді дамыту; бақылау, көрнекі зейін, есте сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына қызығушылықты тәрбиелеу. Барысы: лото түріндегі ойында бала белгілі бір маусымы бар суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог | "**Күз" тақпағын жаттау**. **Мақсат-міндеттері.** Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. Мұқатай Жылқыайдарұлы **"Күз".** Алма, өрікті қамбаларға Толтырды әкеп алтын күз. Шәкірт болып парталарға Отырды кеп алтын күз. Бұлт болып та Алатауға Байланыпты алтын күз. Дастарқанда таба нанға Айналыпты алтын күз. **(көркем әдебиет, сөйлеуді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | маусым туралы әңгіме құрастыруды ұсына отырып, тапсырманы қиындата алады. **(сөйлеуді дамыту)** Заңғар мен Адия | **дамыту)** Әмір, Әмірхан |
| **Серуенге дайындық** | **Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау**. Ретімен киіну ( ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау ( сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) | | | | |
| **Серуен** | **Серуен №6** | **Серуен №7** | **Серуен №8** | **Серуен №9** | **Серуен №10** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру. | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:** «№4 Балбөбек» бөбекжай балабақшасы» МКҚК
**Топ:** «Еркетай» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі :** 14 – 18 қазан айы, 2024 жыл
**Топ тәрбиешілері:** Дерпанова Б.Н , Бесайдарова Г.Б

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 14.10.2024** | **Сейсенбі 15.10.2024** | **Сәрсенбі 16.10.2024** | **Бейсенбі 17.10.2024** | **Жұма 18.10.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың тәуелсіз ойындары (**сөйлеуді дамыту-коммуникативтті іс –әрекет)** | | | | |
| | **Қазан «Тәуелсіздік және отаншылдық айы»<br>АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ<br>«Отанды сүю - отбасынан басталады!»** | | | | |
| | Сәлеметсіз бе? «Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау **Ұлттық құндылық Біртұтас тәрбие жоспарынан**<br><br>**«Сәйкестендір» Мақсаты:** Біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсетуді | «Қайырлы таң!» Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу **Бала, оның отбасы, үйі. Мақсаты:** Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, | Сәлеметсіз бе? Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) **«Көңіл – күйің қандай?» Мақсаты:** Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құруға дағдыландыру. **(Коммуникативтік** | «Қайырлы таң!» Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу. **(Коммуникативтік дағды) Сөйлеуді дамыту** | Сәлеметсіз бе? Балаларды әсем әуенмен, көтеріңкі көңіл – күймен қарсы алу. **(Коммуникативтік дағды) Сөйлеуді дамыту** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету. Доптарды түстеріне қарай орналастыра алу. **( Танымдық дағды) Математика негіздері** | отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу. («Отбасы» «Дастархан жаямыз») **(Әлеуметтік дағды) Қоршаған ортамен танысу** | **дағды) Сөйлеуді дамыту** | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес,әңгімелесу** | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райына байланысты киім-кешек мәселелері бойынша әңгімелесу | | | | |
| | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға арнайы буклеттер жасау арқылы кеңес беру: «Отбасым – ортақ мекенім» | **«Өнегелі 15минут» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)** «Тұмаудан сақтан!» тақырыбында профилактика жүргізу. | **Ата-аналармен әңгіме:** Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы |
| **Балалардың дербес әрекеті ( баяу қимылды ойындар,үстел-үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау** | **«Боямақтар бояу» Мақсаты:** Балаларға әртүрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер) заттарды бейнелеуге, қылқаламмен | **Үстел үсті ойындары:**«Домино», «мозайка», «пазл». **Мақсаты:** Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу. Құрылыс материалдарынан, «лего» | **«Көкөністер» Мақсаты**: Желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануға үйрету.Алдын ала | **«Зат неге ұқсайды?» Мақсаты:** Балаларды геометриялық фигуралармен: шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған | **«Кітап бұрышына саяхат жасау» Мақсаты**: Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, ертегілерді тыңдай білуге, шығарманың кейіпкерлеріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **және тағы басқа әрекеттер)** | бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрету. Боямақтарды бояу кезінде, әдемі, таза бояйды. **(Шығармашылық дағды) сурет салу** | конструкторлардан құрастырады.<br><br>**(Шығармашылық дағды) Құрастыру**<br><br>"**Суретті тап" ойыны.**<br>**«Күзді бейнелеу» (топпен жұмыс)**<br>Мақсаты: Суреттерді, заттарды қарастыруда өз ойын айтуға үйрету. Балаларға суретті белгілі уақыт көлемінде көрсету. Одан кейін балалардың көздерін жұмып, көптеген суреттердің ішінен күз мезгіліне байланысты суретін тауып алып әңгімелеп, мүсіндеп суреттеп беру. сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты | даярланған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуі: үлкен және кішкентай көкөністерді жапсыру. **(Шығармашылық дағды) Жапсыру** | фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату тәсілдерін пайдалана отырып, кейбір заттарды мүсіндеуге үйрету.(ойыншықтар). сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. **Математика негіздері, Мүсіндеу, Сурет салу** | жанашырлық танытуға тәрбиелеу. **(Коммуникативтік дағды) Көркем әдебиет** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, мүсіндеу, сурет салу)** | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңеттеңгілік жаттығулар **(қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті).**Тұру, жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары . | | | | |
| | **Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені**<br>**Таңертеңгі жаттығулар кешені № 4 / бубенмен/**<br>**Кіріспе бөлімі:**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру.<br>Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру.<br>Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Б.қ.: «Тик-так»**<br>**1**. Аяқтары алшақ , қолдары белде. «Тик» сөзін айтып басты оңға қисайту , «так» сөзін айтып басты тік ұстау, басты солға қисайтып қайталау. (6 рет қайталау)<br>**Б.қ.: «Иықтың жүруі»**<br>**2.** Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. Иықты артқа, алдыға қарай айналдыру. /6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Ағаштар тербеледі»**<br>**3.** Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жоғарыда. Оң жаққа, сол жаққа тербелу. /6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Күнге жетемін»**<br>**4.** Орнында тұрып секіру. (10-15 секунд)<br>**Қорытынды:** Шеңбер бойы жүру. Адымдап жүру. | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| | «Таңғы астың пайдасы» қызықты ертегі. | Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс жүргізу | Дастархан басында дұрыс отыру әдеп туралы әңгімелесу | **Нақыл сөз:** Тәтті тағам емес, денсаулыққа пайдалы тағам | «Не жасырынған?» Шарты: балалар сұрақтарға жауап беріп, астың құрамын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тәтті. | анықтайды. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды,ойын ережелерін келісіп алады.** | | | | |
